



КеАҚ «Қарағанды медицина университеті»



**Бакалавриат білім беру
бағдарламасына
бойынша оқуға
қабылдау**



ВАЖНЫЕ ДАТЫ

ҰБТ:

Тіркеу мен өткізу **30 маусымға дейін.**

Арнайы емтиханға тіркелу (тек «Жалпы медицина», «Стоматология», «Мейірбике ісі»)

– **20 маусым - 20 тамыз аралығында.**

Грантқа үміткерлер үшін

– **20 маусым - 22 шілде аралығында.**

Ақылы оқуға түсетін үміткерлер үшін

– **22 шілде - 20 тамыз аралығында.**

Грант конкурсына қатысу үшін өтініштер қабылдау - egov.kz, **13 – 20 шілде аралығында.**

Қабылдау **25 тамыздан бастап**





Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша:

- "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша
– кемінде **70 балл жинаған адамдар**
- «Биомедицина» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»
– кемінде **50 балл** *.

Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні бойынша кемінде 5 балл алу қажет.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші қажетті балл саны бар ҰБТ-ның **екі нәтижесінің бірімен қатыса алады.**

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары "Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту және "Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысында белгіленген тәртіппен **кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды**



Үміткер келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) өтініш;
- 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (төлнұсқа, копия);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат
- 4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 5) 075/у медициналық анықтама;
- 6) ҰБТ сертификатын;
- 7) арнаулы емтиханның ведомостан үзіндіні («Жалпы медицина», «Стоматология», «Мейірбике ісі» білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 8) білім беру грантын тағайындау туралы куәлік.

Көрсетілетін қызметті алушылар – I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру түсушінің қатысуымен жүргізіледі. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады. Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.